

Сабақтың тақырыбы: Ф.Оңғарсынова “Әже”

Сабақтың мақсаты:

- 1) Ел іші, отбасының бүтіндігін ойлайтын ел анасы әжемен таныстыру. Өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету.
- 2) Есте сақтау, жүйелі ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 3) Ананы, әжені қадірлеп, қастерлеу, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа білім беру.


Сабақтың әдісі: әңгімелесу, түсіндіру, қызығушылықты ояту, топтастыру, ойын, сұрақ-жауап, интерактивті әдіс.

Көрнекі құралдар: ұнтаспа, суреттер, тірек сызбалар, оқулық, интерактивті тақта .

Сабақтың барысы:

- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Үй тапсырмасы.
- III. Жаңа сабаққа дайындық.
- IV. Жаңа сабақ.
- V. Бекіту.
- VI. Бағалау.
- VII. Үй тапсырмасы.

Ұйымдастыру кезеңі:



Шаттық шеңбері ойыны

Қуанамын мен де (өзін көрсетеді)

Қуанасың сен де (досын көрсетеді)

Қуанайық достарым (екі қолын екі жаққа
көрсетеді)

Арайлап атқан күнге.



Үй тапсырмасын сұрау

**1.Фариза Оңғарсынова “Жылу”өлеңін
мәнерлеп оқу.**


2.Ана туралы мақал- мәтел жаттау.

Үй тапсырмасын бекіту




*Ана – ұлы,
Ана – қымбат,
Ана – құдіретті жан!*

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ



1. “Қуатты” сөзін басқаша тағы қалай атайды?
2. Ананың құшағы қандай ?
3. Көп нүктенің орнына сөз қой :... – асқар тау.

Топтастыру



Әже



Жаңа сабақ

Фариза Оңғарсынова

“Әже”

Халық жазушысы

Фариза

Оңғарсынова



1939 жылдың 5-желтоқсанында Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Новобогат ауданына қарасты Манаш ауылында туған.

1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, Балықшы ауданының Еркінлада, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы казак мектебінде ұстаздық еткен.

1966-1968 жж. Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің партия тұрмысы бөлімінде әдеби қызметкері.

1968-1970 жж. республикалық «Лениншіл жас» газетінің Ақтөбе, Гурьев, Орал облыстары бойынша меншікті тілшісі қызметін атқарған.

1970-1978 жж. республикалық «Қазақстан пионері» газетінің бас редакторы, 1978 ж. желтоқсаннан «Пионер» журналының бас редакторы.

Алғашқы өлеңдері баспасөз беттерінде 1958 жылдан бастап шыққан. Әр жылдары 20-дан астам өлең жинақтары, очерктері, таңдамалы шығармалары, «Біздің Камшат» повесі, аудармалары «Жазушы», «Жалын», «Молодая гвардия» баспаларынан жарық көрді.

Орыс, туысқан республикалар ақындарының, Чили ақыны П. Неруданың жырларын, кейбір драмалық шығармаларын қазақ тіліне аударған.

1979 жылы жарық көрген «Сенің махаббатың» жинағындағы «Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы» атты поэмасы ақын творчествосының шындық шырқауы, негізгі қағидасы. Шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім сияқты философиялық категориялар Ф. Оңғарсынованың поэмасында нанымды, салмақты көрініс тапқан. 1984 жылы «Үйім – менің Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлең топтамалары үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Ленин комсомолы Орталық Комитетінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, «Құрмет Белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталған. Республика мәдени-ағарту ісіне еңбегі сіңген қызметкер. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болған.



Фариза!

Фаризажан, Фариза-қыз,

Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.

Шыдай-шыдай ақыры жалызармыз,

Бірімізден біріміз арылармыз.

Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,

Шаң басқан архивтерден табылармыз.



Оқулықпен жұмыс:

1.Өлеңді мәнерлеп оқу, түсіндіру.

2.Оқушыларға тізбектей оқыту.

Дәптермен жұмыс:

Ақын қолданған көркем сөздер	Мағынасы
	ренжіп, ашуланып мақтап, шаттанып

Сабақты бекіту

Шығармашылық жұмыс:

1-топ: “Әже” тақырыбына шығарма жазу.

2-топ: “Әже” тақырыбына жаттаған тақпақтарын айту.

*3-топ: Мен ұйықтарда айтады,
Ертегісін, әндерін.*

(ұйқастарын пайдаланып, бір шумақ өлең құрастыру)

V. Сабақты қорыту.

«Жылдар сөйлейді» ойыны

Ойынның мазмұны: Оқушыларды топқа бөліп, әр түрлі жыл жазылған кеспе қағаздар таратылады. Әр топ өзіне берілген жылдардағы тапсырмаларды топта талдап жауап береді, басқа топ толықтырады.

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма.

Өлеңді жаттап, әуенімен айту.